



Жалпы ата-аналар жиналыс кестесі мен іс- шаралар жоспары:
2023-2024 оқу жылы

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1. Жалпы ата – аналар жиналысы. Тақырыбы: « Ұлтымды сақтаймын десен ұрпағыңды тәрбиеле! » Жаңадан келген ата- аналарға қызметкерлерді таныстырып жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттерімен таныстыру. 2. 2023-2024 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.	Қыркүйек	Меңгеруші ата – аналар комитеті Психолог
2	1.Ата аналардың балабақша жұмысына қатысу шараларынның есебі 2. Балалардың тәрбие мен білім алу бойынша жарты жылдық жұмыстың есебі, қорытындысы.	қаңтар	ата – аналар комитеті Меңгеруші
3	1. «Сұраңыз жауап береміз» Балабақшаның ағымдағы оқу жылында оқу тәрбие жұмысыстарына есеп беру. 2.Балалар ауруларын алдын ала ескерту жөнінде медбикенің есебі. 3.Жазғы сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру.	мамыр	Меңгеруші. Мед бике әдіскер

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасының жалпы ата-аналар жиналысының

ХАТТАМА №1

Тауышық ауылы

11.09.2023 ж

ҚАТЫСҚАНДАР: 89 ата-ана

Қатыспағандар: 6 дәлелді.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Тақырыбы: «Ұлтымды сақтаймын десең ұрпағыңды тәрбиеле!» Жаңадан келген ата-аналарға қызметкерлерді таныстырып, жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттерімен таныстыру.
2. 2023–2024 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.
3. «Баланы балабақшаға бейімдеу» баяндама әдіскер Жаксылыкова А.А

Тыңдалды:

Баянова – балабақша директоры.

«Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым,
жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы,
жақсы ұстаздан болады.» Абай

Қазіргі заман бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы. «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле» деген екен Платон. Бұрынғы ата-бабаларымыз бұл замандағылардан білімі, мәдениеті төмен болған дейміз. Десек те ұрпақ тәрбиесіне келгенде оларды көреген, тәжірибелі десек қателеспейміз. Еліміздің ертеңі саналатын ұл-қыздарын салт-дәстүрлермен сусындатып, туған елін, жерін адал сүюді және көзінің қарашығындай сақтап, қорғауды әрбір азаматтың аяулы борышы деп түсіндірген. Беріде өзіміз куә болғандай, бір ауыл адамдары бір анадан туғандай, ынтымақты, ұйымшыл еді. Бір үйдің қуанышына бәрі қуанып, бір үйдің басына түскен қайғысына бәрі ортақ қайғыратын. Дәмді асын бөліп ішіп, ауыр жұмысы болса жұмыла кірісетін. Мұның бәрі пәк адамдықтың, тәрбиеліліктің жемісі еді. Қазіргі кездегі көптеген әдеби, мәдени оқулықтар толассыз ақпарат көздері болмаса да ұлттық салт-дәстүрімізді ұрпақ санасына сіңіре білген сол уақыттың адамдарын қалай кемеңгер демессің.

Өзімізден бастап жастарды ауызбіршілікке, бауырмалдыққа тәрбиелеп, ізгіні, игілікті көп айтып, көп көрсетіп, өзі ісімен үлгі болатын көргені емес көкірегіне түйгені көп үлкендеріміз болса қуанарлық жайт. Өнегелі дана жоқ жерде, өнегелі бала жоқ.

Кейінгі кезде басқа ақпарат көздерін былай қойғанда теледидардағы азғындыққа үгіттейтін озық-созық сериалдардың көбеюі де жас ұрпаққа кері әсерін тигізуде. Оны шектемек түгілі бірге отырып көріп, бірге талқылаймыз. Назар аударар болсақ ылғи өтірік айтып тығырықтан шығу, бірін-бірі алдау, жеңіл жүріс. Байыптап қарар болсақ дәл осы құбылыс біздің қоғамымызда

белең алуда. Мұндай жағдайларға «болуға міндетті» нәрсе сияқты назар да аудармаймыз. Ұстаз ретінде айтар болсам көптеген жастарымыздың әдеби кітап оқуға қызығушылықтары жоқ. Сабақ үстінде айтылған белгілі бір шығармалардан үзіндіні тыңдайды да, әрі қарай жалғастырмайды. Білім мен тәрбие көзі әдеби кітаптарда екенін ескергілері келмейді. Оның есесіне әлеуметтік желілердегі тәрбиелік мәні жоқ нәрселерді қарап уақыттарын өлтіруде. Бұрынғы ата-баба жүріп өткен жолдар ертегіге айналып бара жатқандай. Кешегі өткен ата-бабаларымыз тап қазір қайтып оралар болса, «ұлдарымыз құл, қыздарымыз күң болмасын» деп бастарын бәйгеге тіккен еңбектерінің түкке тұрмағанына налитындай жағдай. Жастар өзі өмір сүріп отырған мемлекеттің өткені мен келешегін, оның алдында тұрған жоспарларды жақсы білуі қажет. Өз елінің басынан кешкен қиындықтарымен танысып қана қоймай, сондай қиындықтан елін, халқын алып шығуға белсене қатысып, өзінің үлесін қосатындай болып тәрбиеленуі керек. Әрбір әулеттегі үлкен адамдар мен балалардың қарым-қатынас әдебін жолға қоймайынша инабаттылыққа және парасаттылыққа жету мүмкін емес. Үлкендердің балалармен, балалардың үлкендермен арасындағы сәлемдесулері, сөйлесулері, ізеттілік әдеттері, қимыл іс-әрекет әдебі, әулеттің қалыптасқан үлгілі әдеттері мен ғұрпы, сыйласымдылығы, бір-бірімен арадағы құрмет, мейірім, өз ата-анасының және үлкендердің тапсырмасын жауапкершілікпен орындауы т.с.с.

Ұрпақ тәрбиесі тек ұстаздың ғана емес баршамыздың парызымыз, жалпы қарызым деп түсіну ләзім. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп бекер айтылмаған. Қайсыбір ата-ана өз баласының әлсіздігін мектептен, мұғалімнен көріп жатады, ал мектептегілер керісінше ата-ананы кінәлайды. Тәрбие сапалы болу үшін балаға мектептің, ата-ананың, қоғамның жан-жақты қамқорлығы қажет. «Бала тәрбиесінің үлкен мектебі – ер мен әйелдің, әке мен шешенің бір-бірімен қарым-қатынасы» деп тамаша педагог-ұстаз Сухомлинский айтқандай, ата-анасы өз баласының тәрбиесі үшін қоғам, ел, халық алдында жауапты. Қазіргі уақытта ел арасында «ақшаң болса, бәрі де болады» деген сөздерді жиі естуге болады. Балалардың арасында да осындай ой қалыптасқан. Әрине, ақшаға бәрін де сатып алуға болатын шығар. Бірақ сатып алынған нәрсе ешқашан мәңгілік болмайтындығын үнемі дәлелдер арқылы түсіндіріп отыруымыз керек. Әйтсе де денсаулық пен рухани байлықты, яғни адами қасиеттерді сатып ала алмайсың. Бала тәрбиесі отбасынан, дәлірек айтсақ бесіктен басталады. Оған көптеген ойшылдардың, қазақ ұлыларының, дана сөздері дәлел. Ж. Баласағұн баланы жастан тәртіпке үйрету керектігін, оны ата-ананың ісі екенін сөз етеді. Мысалы ол: «Баққан ұлдан сәл тойса назарың, Түбі соның тарттым дей бер азабын. Қатал ұста – бос жүрмесін сандалып, Болса тәртіп – бала өседі сомдалып.» Әрине көпке топырақ шашуға да болмайды, керемет инабатты, білімді, мәдениетті, зиялы қауым ортасында жас болса да бас болып жүрген жастарымыз қаншама. Халқымыздың біртуар перзенттерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлы «Қазіргі заман — өткен заманның баласы, болашақ заманның атасы» дейді. Әрине, айтылған жайдың бәрі өткен заманды көксеу емес, жас ұрпақ санасының өзге

жаман нәрселермен былғанбай, ұлттық тілімізді, дінімізді, ерекше мәдениетімізді, өзге ұлтта жоқ жақсы қасиеттерімізді бойтұмар етіп ұстаса деген пікір.

Тәрбиедегі басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керек екенін, ұлттық болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезі мен өткеннің тағдыры мен талаптарын объективті факторлар ретінде ұсынып, сол арқылы ұрпақты өмірге даярлап, оларды жинақталған тәжірибе негізінде тәрбиелей отырып, өзінің ата-аналарының рухани мұрасын игере түсуі керек» деп айтылған.

Күн тәртібінде II- мәселе

2023–2024 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау. Осы жылға ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлауды ұсынамын. Ата-ана мен балабақша бала тәрбиесінде бірдей көңіл бөлу керек. Сіз болып, біз болып бала тәрбиелеу өте жеңіл, әрі ұтымды болмақ. Қазіргі заман талабы жастардың білімділігін ескере отырып жас ата-аналардан алғымыз келіп отыр. Төрт топтан бір-бірден ата-ана ұсынсаңыздар.

Ұсыныс:

Берікбосынова Н – кіші топ «Алпамыс» тобы тәрбиешісі.

Мен өз тобымнан ата-ана Мұратова Мөлдір мен Жолымбекова Жұлдызайды ұсынамын. Әрі жас, әрі педагог. Бала тәрбиесіндегі келеңсіздіктер мен қиындықтарды бірге жеңуге бірлесіп атсалысамыз деген ұсынысым бар.

Үтеуова М – ортаңғы топ «Толағай» тобының тәрбиешісі.

Мен тобымнан ата-ана комитетіне Мырзатаева Нұргүл мен Байдуллаева Майраны ұсынамын. Әрі жас, көзі ашық, білімді ата-аналар десем де болады. Бала тәрбиесіне бірлесіп жұмыстанамыз деген ұсынысым бар.

Ходжа-Ахметова К – ересектер «Ер Төстік» тобы тәрбиешісі.

Мен өз тобымнан ата-ана комитетіне мүшелікке Аманжолова Гүлзия мен Көпжасарова Әселді ұсынамын. Әрі жастар, әрі белсенді ата-аналар.

Жамишова Г. – МАМ «Алтын сақа» тобы тәрбиешісі.

Мен өз тобымнан Әлиасқарова Гүлнұр мен Жетекова Арайды ұсынамын. Әрі жастар, әрі педагог, көп балалы, бала тәрбиесіне жауапкершілікпен ерекше қарайтын ата-аналар десем де болады. Біздерге жастар болғаны жақсы, ой ұшқыр, белсенді, жауапты ата-аналар.

Күн тәртібінде III- мәселе

Жақсылықова А – әдіскер.

«Баланы балабақшаға бейімдеу» БАЯНДАМА

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі білсем екен демекілік. Не көрсе соған талпынып, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені. (А.Құнанбаевтың жетінші қара сөзі).

Баланың алғашқы тәрбие алатын орны – отбасы. Отбасында баланың мінез-құлқы, әдет дағдысы қалыптасады. Еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру – біздің негізгі мақсатымыз.

Тәрбие – күрделі үдеріс. «Тәрбие отбасынан басталады» деп халық даналығы бекер айтпаған. Саналы да, білімді болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы. Еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін сіңіруіміз қажет. Ата-бабамыздан қалған ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін барлық қажетті жауапкершілікті ата-ана өзіне алғаны жөн, себебі бала ата-ананың өмірінің жалғасы. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деп өткен ғасырдың ұлы тұлғасы А. Байтұрсынұлы айтқандай, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса елдің болашағы зор болмақ.

Ата-аналардың оқу мен тәрбие үдерісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса жемісті болады. Ұрпақ тәрбиесі ұлағатты болу үшін, отбасындағы ата-ана берген тәрбие мектепте жалғасын тауып, кішкентай бүлдіршін сапалы азамат болып қалыптасу үшін мектеп, мұғалім және тәрбиеші жауапты зор міндетті атқарады. Ең бастысы – бала ата-ананың оның оқудағы жетістіктеріне қызығушылығын сезінуі керек. Кез келген бала үлгілі немесе үлгермейтін болсын, шапшаң немесе сылбыр болсын, ол өзін жақсы көру мен сыйлауды қалайды.

Естеріңізде ұстаңыз: баланы әлсіз деп бағаламаңыз, оның жақсылық жағын да көру керек. Жылы сөзді аямаңыз. Бір нәрсені орындағанда мақтап, орындамағанда сынаңыз. Мақтағанда жеке түрде мақтап, сынағанда елеусіздеу сынауға тырысыңыз. Олардың алдына орындалатын міндеттерді қойыңыз. Бұйырудың орнына өзіңе тең адамша кеңес, көмек сұрауға тырысыңыз. Мүмкіндігіне қарай бір қателік үшін екі рет жазалауға тырыспаңыз. Бала өзін не үшін жазаланғанын түсінуі тиіс. Көп жағдайларда баланы мазақтау, шектен тыс талап қою нәтиже бермейді.

Ата-аналардың бұйрық беріп, жетекшілік жасау уақыты әлдеқашан өтіп кетті. Сондықтан балаңызға айғайлап ұрысқаннан еш нәтиже шықпайды. Сіз жеңіліске ұшырайсыз. Оның орнына өзіңізді ұстамды, дәрежелі көрсетіп, нақты ісіңізбен ғана қарым-қатынасты орната аласыз. Жасөспірімдік жастың бір ерекшелігі – өз ісінің дұрыстығын дәлелдеу болып табылады. Оны түсіну қиын, алайда балаңызбен бірге тәуекелге бел байлауға тура келеді. Осылайша оған біршама жақын болып, өзіңіздің тапқырлығыңызды көрсетесіз.

А.Жаксылыкова

**«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасының жалпы ата-аналар
жиналысының
ХАТТАМА №2**

Тауышық ауылы

19.01..2024 ж

ҚАТЫСҚАНДАР: 90 ата-ана

Қатыспағандар: 5 дәлелді.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Ата аналардың балабақша жұмысына қатысу шараларынның есебі
2. Балалардың тәрбие мен білім алу бойынша жарты жылдық жұмыстың есебі, қорытындысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі І-мәселе. Ата-аналардың балабақша жұмысына қатысу шараларының есебі

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы бойынша ата-аналармен жүргізілген бірлескен жұмыстардың жарты жылдық есебі

Мақсаты: Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, тәрбие-білім беру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету және ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.

Жартыжылдық бойы бекітілген жоспарға сәйкес келесі бағыттарда шаралар ұйымдастырылды:

1. Ұйымдастыру және ағарту жұмыстары

Ата-аналар жиналысы: Есепті кезеңде әр топта топтық ата-аналар жиналысы өткізілді. «Бала тәрбиесі — баршаға ортақ іс» тақырыбында жалпы балабақшалық жиналыс ұйымдастырылып, онда балалардың қауіпсіздігі, бейімделу кезеңі және психологиялық қолдау мәселелері талқыланды.

Педагогикалық кеңес беру: Балабақша психологы мен әдіскері тарапынан баланың жас ерекшеліктері мен мінез-құлық дағдылары бойынша жеке және топтық кеңестер берілді.

Баяндама: Тақырыбы: Бала тәрбиесі — баршаға ортақ іс

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі отбасы, білім беру ұйымы және қоғамның өзара байланысын нығайту, ұлттық құндылықтар мен қазіргі заман талаптарын ұштастыру.

1-слайд I. КІРІСПЕ

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қасіреті» — деп әл-Фараби бабамыз айтқандай, қай заманда да ұрпақ тәрбиесі адамзаттың ең өзекті мәселесі болып қала бермек. Бала — біздің болашағымыз ғана емес, бүгінгі қоғамымыздың айнасы.

Қазіргі ХХІ ғасыр — цифрлық технологиялар, жаһандану және ақпараттық ағынның өте қатты қарқын алған заманы. Мұндай кезеңде баланы сыртқы ортаның жағымсыз әсерлерінен қорғап, оның бойында берік рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру тек бір ғана отбасының немесе тек балабақша мен мектептің қолынан келмейді. Бұл — ортақ жауапкершілікті, жүйелі жұмысты және берік серіктестікті талап ететін үлкен іс.

2-слайд II. ТӘРБИЕНІҢ ҮШ ТАҒАНЫ: ОТБАСЫ, БАЛАБАҚША ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Бала тәрбиесін сәтті жүзеге асыру үшін «Отбасы – Білім ұйымы – Қоғам» атты үштік одақтың жұмысы бір бағытта, үйлесімді жүруі тиіс.

Отбасы — тәрбиенің бастау бұлағы

Баланың алғашқы әлеуметтік ортасы және бас ұстазы — ата-анасы. Бала дүниеге келген күннен бастап айналасындағы шынайылықты ата-анасының іс-әрекеті, сөзі мен мінез-құлқы арқылы қабылдайды.

Жеке үлгі: Балаға «өтірік айтпа» деп үйретіп, өзіміз өтірік айтсақ, немесе «телефонға көп қарама» деп, өзіміз гаджеттен бас көтермесек, одан ешқандай нәтиже шықпайды. Ата-ананың өзара сыйластығы, үлкендерді құрметтеуі — бала үшін ең үлкен сабақ.

Психологиялық қолдау: Отбасындағы жылылық, баланың пікірімен санасу, оның жетістіктеріне бірге қуанып, сәтсіздіктерінде демеу болу — баланың өзіне деген сенімділігін арттырады.

4-слайд. Балабақша мен мектеп — жүйелі тәрбие мен даму мекені

Мектепке дейінгі ұйымдар баланың қоғамға бейімделуінің алғашқы баспалдағы болып табылады. Мұнда бала дайын білімді алып қана қоймай, көпшілікпен араласуды, өз құқығын қорғауды және өзгенің құқығын сыйлауды үйренеді.

Педагогтардың рөлі: Тәрбиешілер мен мұғалімдер баланың жас ерекшелігіне сай интеллектуалдық, физикалық және шығармашылық қабілеттерін ашуға көмектеседі.

Ортақ ережелерге бағыну: Ұйымдастырылған іс-әрекеттер, күн тәртібі, өзін-өзі күту дағдылары баланың ерік-жігерін шыңдап, жауапкершілікті сезінуге тәрбиелейді.

Қоғам — бала мінезін қалыптастырушы үлкен мектеп

Бала сыртқа шыққанда көше мәдениетін, теледидар мен интернет контентін, қоршаған адамдардың мінез-құлқын көреді. Бүгінде бала тәрбиесіне әлеуметтік желілер мен түрлі ақпараттық құралдар үлкен әсер етіп отыр. Сондықтан қоғамның әрбір мүшесі бала тәрбиесіне бейжай қарамауы тиіс. Көшеде әдепсіздік жасаған немесе қауіпті жағдайда тұрған балаға «менің балам емес қой» деп бұрылып кетуге болмайды. «Бір балаға жеті үйден тыйым» деген ата-бабамыздың сөзі осы қоғамдық бақылау мен тәрбиенің маңыздылығын көрсетеді.

5-слайд. III. ҚАЗІРГІ ТӘРБИЕДЕГІ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАР

Бала тәрбиесін заман талабына сай жан-жақты дамыту үшін келесі бағыттарға баса назар аударуымыз керек:

Ұлттық құндылықтарға баулу: Бала бойына ұлттық кодты енгізу — біздің басты міндетіміз. Ол үшін балабақша мен үйде қазақтың ұлттық ойындарын (асық ату, тоғызқұмалақ және т.б.) ойнату, ертегілер мен аңыз-әңгімелерді айту, салт-дәстүрді түсіндіру маңызды. Ұлттық құндылықтармен сусындаған бала отансүйгіш, иманды болып өседі.

Экологиялық мәдениет қалыптастыру: Қазіргі таңда «Жасыл балабақша» жобалары аясында балаларды табиғатты аялауға, өсімдіктер мен жан-жануарларға қамқорлық жасауға үйрету өте өзекті. Табиғатты сүйген бала ешқашан қатыгез болмайды.

Еңбек тәрбиесі: Баланы кішкентай күнінен бастап өз ойыншықтарын жинауға, бөлмесін таза ұстауға, үлкендерге қолғабыс етуге дағдыландыру керек.

Еңбекқорлық — кез келген табыстың кілті.

Медиа-мәдениет және киберқауіпсіздік: Балалардың гаджеттерді қолдану уақытын бақылау, олардың қандай контент көріп жатқанынан хабардар болу. Бұл ретте ата-аналар мен педагогтар бірлесіп, балаға пайдалы цифрлық сауаттылықты үйретуі тиіс.

6-слайд. IV. ОТБАСЫ МЕН БАЛАБАҚША СЕРІКТЕСТІГІН НЫҒАЙТУ ЖОЛДАРЫ

Ата-ана мен балабақша арасында «алтын көпір» орнату үшін тек дәстүрлі жиналыстармен шектелмей, жұмыстың белсенді түрлерін енгізу қажет:

Ата-аналар клубы мен тренингтер: Бала психологиясы, жас ерекшеліктері бойынша мекеме психологтары мен мамандарының қатысуымен қызықты семинарлар ұйымдастыру.

Бірлескен жобалар мен байқаулар: Отбасылық спорттық жарыстар, экологиялық акциялар, ұлттық құндылықтарға арналған сайыстар ата-ана, бала және тәрбиеші арасындағы сенімді нығайтады.

Кері байланыс және бірыңғай талап: Балабақшада балаға қойылатын талаптар (тәртіп, мәдениет, тазалық) үйде де үзіліссіз жалғасуы тиіс. Сонда ғана бала екіұшты күйде қалмай, жүйелі тәрбие алады.

7-слайд. V. ҚОРЫТЫНДЫ

Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы: «Жаудан қорықпаған қазақ едім, ендігі қорқынышым — бесік тербететін аналардың, ертегі айтатын әжелердің азайып бара жатқаны» — деп үлкен қауіп айтқан болатын. Сол себепті, ұрпағымыздың болашағы жарқын, рухы биік болсын десек, тәрбие жұмысын бір сәтке де тоқтатпауымыз керек.

Бала тәрбиесі — бұл бүгін істеп, ертең ұмыта салатын науқандық жұмыс емес. Бұл — үлкен шыдамдылықты, махаббатты, білім мен уақытты талап ететін мәңгілік процесс. Мемлекеттің, ұлттың қауіпсіздігі мен болашағы дәл осы тәрбиеге тікелей байланысты.

Бала тәрбиесіне бәріміз — ата-ана да, ұстаз да, көшедегі өткінші адам да жауаптымыз. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұмыла әрекет еткенде ғана еліміздің нағыз патриоттарын, саналы да тәрбиелі азаматтарын өсіре аламыз.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет!

2. Бірлескен мәдени-бұқаралық және экологиялық шаралар

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу: «Ұлттық нақышта көрнекіліктер» сынды ұлттық көрнекіліктер жарысы мен «Этно-ою кілемшесі» танымдық шарасына ата-аналар белсенді қатысты. Ата-аналардың қолдауымен топтарда ұлттық бұрыштар жабдықталды.



Күн тәртібіндегі II-мәселе.

Балалардың тәрбие мен білім алу бойынша жарты жылдық жұмыстың есебі, қорытындысы

Әдіскер: Жаксылыкова А

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы тәрбиеленушілерінің тәрбие мен білім алу сапасы бойынша жартыжылдық мониторинг қорытындысының есебі

Есепті кезеңде балабақшадағы тәрбие-білім беру процесі ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына және үлгілік бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылды.

Білім беру процесі 5 даму саласы бойынша жүргізіліп, балалардың дағдыларының қалыптасу деңгейіне жартыжылдық мониторинг жасалды:

1. Даму салалары бойынша көрсеткіштер (Орташа есеппен)

«Денсаулық» саласы: Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігі, мәдени-гигиеналық дағдылары мен шынығу шаралары толық орындалды.

«Қатынас» саласы (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, тілдер): Балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеу дағдылары дамытылды.

«Таным» саласы (Математика, құрастыру, жаратылыстану): Экологиялық жобалар аясында балалардың табиғатқа деген қызығушылығы мен логикалық ойлауы артты.

«Шығармашылық» саласы (Сурет салу, мүсіндеу, музыка): Балалардың эстетикалық талғамы мен шығармашылық қабілеттері іс-шаралар мен көрмелер арқылы дәлелденді.

«Әлеуметтік орта» саласы: Ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлер негізінде балалардың үлкендерді сыйлау, құрдастарымен қарым-қатынас жасау, еңбекқорлық дағдылары қалыптасты.

ШЕШІМ:

1. Төмен деңгейдегі балалармен екінші жартыжылдықта тәрбиешілер мен психологтың бірлескен жеке дамыту жұмыстарын күшейту.
2. «Жасыл балабақша» жобасы аясында «Таным» саласы бойынша практикалық (тәжірибелік-эксперименттік) сабақтардың үлесін арттыру.
3. Ұлттық ойындар мен тәрбие элементтерін ұйымдастырылған іс-әрекеттерге жалғастыру.
4. Ата-аналармен бірлескен жұмыстарды күшейту.



Торайым:

Хатшы:

[Handwritten signature]

А.Е.Баянова

А.Жаксылыкова

**«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасының жалпы ата-аналар
жиналысының**

ХАТТАМА №3

Тауышық ауылы

28.05.2024 ж

ҚАТЫСҚАНДАР: 92 ата-ана

Қатыспағандар: 3 дәлелді.

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Сұраңыз жауап береміз». Балабақшаның ағымдағы оқу жылында оқу тәрбие жұмыстарына есеп беру.
2. Балалар ауруларын алдын ала ескерту жөнінде медбикенің есебі.
3. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру.

Күн тәртібіндегі І-мәселе бойынша тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Жақсылықова сөз сөйледі. Ол ата-аналарды ағымдағы оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысымен таныстырды.

Әдіскер өз сөзінде: *«Ағымдағы оқу жылында біз балалардың бойына экологиялық мәдениетті сіңіруді көздеген «Жасыл балабақша» жобасын сәтті жүзеге асырдық. Балалар экологиялық ертегілер тыңдап, ауладағы өсімдіктерді күтіп-баптауды үйренді. Сонымен қатар, ұлттық тәрбиеге үлкен мән берілді: «Ұлттық тәрбие ұлт құндылығы» арқылы балалардың ұлттық танымы қатар дамыды. «Бала тәрбиесі—ортақ іс» тақырыбындағы ата-аналармен байланысымыз нығайды. Сонымен қатар ата-аналар балабақшаның барлық іс-шарасына белсене ат салысып келеді. Алтын күз, Республика күні, жаңа жыл, наурыз мерекесін тойлауда балабақшамен бірлесіп жұмыстар атқарды.*

Педагогтер өз кезегінде тәрбие мен білім беруде ерекше жұмыстар көрсетті. өз білімдерін көтерді. түрлі сайыс байқауларға қатысты, баспаөзге мақалалар жариялады. білімі мен біліктерін шыңдады », — деп атап өтті.

Ата-аналардың сұрақтары мен ұсыныстары:

Сұрақ

Ата-ана Мұратова

Жаңа оқу жылында балалардың жас ерекшеліктеріне сай топтар қалай бөлінеді және қандай жаңа бағдарламалар енгізіледі?

Жауап Әдіскер А. Жақсылықова: 2024–2025 оқу жылында балалар жас ерекшеліктеріне қарай тиісті топтарға ауыстырылады. Жаңа оқу жылында

ұлттық құндылықтар мен цифрлық сауаттылықты ұштастыратын дамытушы ойын элементтері мен жаңа әдістемелік құралдар қолданылатын болады.

Әдіскердің ата-аналарға ұсынысы: Жазғы демалыс кезінде балалардың балабақшада алған білімдерін түстер, пішіндер, санау дағдылары, ұлттық ойын ережелері ұмытпауы үшін үйде күнделікті қайталап отыру ұсынылды.

2. Екінші мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақшаның бас медбикесі балалардың денсаулығын сақтау және аурулардың алдын алу бойынша есеп берді. Медбике өз сөзінде: «Жыл бойы жүргізілген таңертеңгілік сүзгі, уақытылы кварцтау, тағамдарды С витаминімен байыту және теңгерімді мәзірдің арқасында балалардың аурушандық көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 4,2%-ға төмендеді», — деді. Жазғы уақытта ішек инфекциялары мен күн өту қаупі артатынын айтып, алдын алу шараларына тоқталды.

Күн тәртібіндегі II-мәселе:

Балабақша медбикесі.

БАЯНДАМА

Тақырыбы: «Балалар арасындағы жұқпалы аурулардың (желшешек, қызылша, скарлатина) алдын алу шаралары»

Құрметті әріптестер және ата-аналар!

Мектепке дейінгі ұйымдағы ұжымдық орта — балалардың тығыз қарым-қатынаста болатын жері. Осыған байланысты, мұнда жұқпалы аурулардың таралу қаупі өте жоғары. Балалар арасында жиі кездесетін және ерекше бақылауды талап ететін негізгі үш жұқпалы ауруға — желшешек (ветрянка), қызылша (корь) және скарлатинаға тоқталып, олардың алдын алу жолдарын талқылау бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Төменде осы аурулардың негізгі белгілері мен оларға қарсы қолданылатын медициналық тактика көрсетілген:

1. Желшешек (Ветряная оспа)

- **Қоздырғышы және таралуы:** Вирус арқылы тарайды, ауа-тамшы жолымен өте жұғымтал келеді.
- **Белгілері:** Дене қызуының көтерілуі, содан кейін бүкіл денеге, бас терісіне қышыма көпіршікті бөртпелердің шығуы.
- **Медбикенің іс-әрекеті:** Ауру анықталған топқа **21 күнге карантин** жарияланады. Карантин кезінде бұл топқа жаңа балалар қабылданбайды және басқа топтармен байланыс шектеледі.

2. Қызылша (Корь)

- **Қоздырғышы және қауіпі:** Өте жұғымтал вирустық инфекция. Ол өзінің асқынуларымен (пневмония, энцефалит) қауіпті.
- **Белгілері:** Жоғары температура (39-40°C), құрғақ жөтел, мұрынның бітелуі, көздің қызаруы (конъюнктивит) және беттен басталып төмен қарай таралатын дақты-түйінді бөртпелер.
- **Алдын алудың жалғыз жолы:** Жоспарлы вакцинация. ҚР Ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес, балаларға **1 жаста және 6 жаста ККП** (қызылша, қызамық, паротит) вакцинасы салынады. Екпе алған балаларда тұрақты иммунитет қалыптасады.

3. Скарлатина

- **Қоздырғышы және ерекшелігі:** Вирус емес, **стрептококк бактериясы** тудыратын ауру.
- **Белгілері:** Тамақтың қатты ауруы (баспа/ангина), денедегі ұсақ нүктелі қызыл бөртпелер, терінің құрғап түлеуі және тілдің ашық таңқурай түске енуі («малиновый язык»).
- **Медбикенің іс-әрекеті:** Ауру шыққан топқа **7 күнге карантин** белгіленеді. Топ ішіндегі барлық ыдыс-аяқ, ойыншықтар мен төсек-орындар дезинфекциялық құралдармен мұқият өңделеді.

Балабақшадағы медициналық алдын алу шараларының кешені

Жұқпалы аурулармен күресуде медициналық қызмет пен педагогтар ұжымы келесі қатаң ережелерді орындайды:

1. **Ерте анықтау (Таңертеңгілік сүзгі):** Күнделікті қабылдау кезінде баланың терісі мен тамағын тексеру. Ауру белгісі бар бала анықталса, ол дереу оқшаулау (изоляция) бөлмесіне орналастырылып, ата-анасы шақырылады.
2. **Дезинфекция және желдету:** Вирустар мен бактериялардың ауада жиналмауы үшін топтарды кесте бойынша кварцтау және таза ауамен желдету. Ойыншықтарды күнделікті залалсыздандыру.
3. **Иммунитетті нығайту:** Балаларды теңгерімді тамақтандыру, таза ауадағы серуендер мен су ішу режимін дұрыс ұйымдастыру.

Қорытынды сөз:

Жұқпалы аурулардың алдын алуда балабақша мен отбасының бірлескен әрекеті маңызды. Ата-аналарға баланың денесінен қандай да бір бөртпе байқалса немесе қызуы көтерілсе, баланы балабақшаға әкелмей, үйге дәрігер шақыру қажеттілігін үнемі түсіндіріп отырамыз. Біздің мақсатымыз — әр баланың денсаулығын қорғап, қауіпсіз білім беру ортасын құру.

Тәрбиеші: Орысбаева

Құрметті әріптестер мен ата-аналар!

Мектепке дейінгі кезең — баланың жүйке жүйесі мен организмнің қарқынды дамитын шағы. Қазіргі таңда балаларды мектеп алды даярлықтан өткізу, олардың танымдық қабілеттерін арттыру мәселесіне үлкен мән беріледі. Дегенмен, оқу белсенділігі мен бала ағзасының физиологиялық мүмкіндіктері арасында теңгерім (баланс) сақталмаса, бұл баланың мезі болуына, психоэмоционалдық және физикалық тұрғыдан қажып, шаршауына (переутомление) әкеп соғады.

Сондықтан бүгінгі баяндамамызда мектеп жасына дейінгі балалардың шаршауының алдын алу және оқу жүктемесі мен демалысты дұрыс ұйымдастырудың медициналық-педагогикалық жолдарын қарастырамыз.

1. Баланың шаршағанын білдіретін негізгі белгілер

Баланың қатты шаршағанын оның мінез-құлқы мен физикалық күйінен анық байқауға болады. Мұндай сәтте бала ағзасында келесі өзгерістер орын алады:

- **Тәртібі мен назары:** Баланың зейіні төмендейді, айтылған тапсырмаларды қабылдауы бәсеңдейді, қозғалыс белсенділігі шамадан тыс артады (гиперактивтілік — жүйке жүйесінің қорғаныс реакциясы) немесе керісінше, селқостық пайда болады.
- **Эмоционалдық күйі:** Тез өкпелегіштік, еш себепсіз жылау, мазасыздық және агрессия белгілері байқалады.
- **Физиологиялық белгілер:** Баланың тәбеті төмендейді, терісі ағарады, көз асты көгереді, кейде басының немесе ішінің ауыратынын айтып шағымданады.

➤ 2. Оқу жүктемесін нормативтерге сай реттеу

- Балалардың шаршауының алдын алудың басты құралы — ҚР Санитарлық қағидалары мен Үлгілік оқу жоспарының талаптарын қатаң сақтау.
- **Ұзақтық шегі:** Ұйымдастырылған оқу қызметінің (ҰОҚ) ұзақтығы кіші топтарда 10–15 минуттан, ортаңғы топтарда 15–20 минуттан, ал ересек және мектеп алды даярлық топтарында 25–30 минуттан аспауы тиіс.
- **Сергіту сәттері:** Әр оқу қызметінің ортасында (10-12 минуттан кейін) міндетті түрде 2-3 минуттық қимыл-қозғалыс сергіту сәттері, көз жаттығулары мен саусақ ойындары жүргізілуі керек. Бұл ми қабығының басқа бөліктеріне қан жүгіртіп, зейінді қайта жинақтауға көмектеседі.
- **Ауыстыру принципі:** Пәндерді жоспарлау кезінде статикалық (жазу, санау, тіл дамыту) жүктемесі бар сабақтарды динамикалық (дене шынықтыру, музыка, бейнелеу өнері) сабақтармен кезектестіріп отыру маңызды.

3. Сауықтыру және демалыс теңгерімін сақтау шаралары

Медициналық тұрғыдан алғанда, бала ағзасын қалпына келтіретін ең басты факторлар — дұрыс ұйқы, таза ауа және қозғалыс.

1. **Толыққанды түскі ұйқы:** Мекемедегі түскі ұйқы уақыты (жас ерекшелігіне қарай 2–2,5 сағат) баланың орталық жүйке жүйесінің демалуы үшін өте маңызды. Ұйқы алдында бөлмені желдетіп, тыныш атмосфера құру қажет.
2. **Қимыл-қозғалыс белсенділігі:** Балалар күніне кемінде 3-4 сағат белсенді қозғалыста болуы керек. Бұған таңертеңгілік гимнастика, дене шынықтыру сабақтары мен серуен кезіндегі ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары кіреді.
3. **«Жасыл балабақша» аясындағы табиғат емдігі:** Балаларды сабақтан тыс уақытта «Жасыл балабақша» жобасы шеңберінде таза ауада өсімдіктерді күтуге, гүлдерді суаруға тарту — олардың ой еңбегінен кейінгі психологиялық релаксациясына (демалуына) оң әсер етеді.

Қорытынды және педагогтарға ұсыныстар

Балалардың оқу жылы бойы шаршамай, сергек әрі дені сау болып өсуі тікелей біздің күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруымызға байланысты. Осыған орай, келесі ұсыныстарды негізге алуды сұраймын:

1. Топ тәрбиешілері оқу қызметі кезінде балалардың шаршау белгілерін сезген сәтте сабақ формасын дереу ойын түріне ауыстырсын.
2. Серуен уақытын қысқартпай, балалардың таза ауада барынша көп болуын қадағалау.
3. Ата-аналармен жұмыс жүргізіп, демалыс күндері үйде де балабақшадағы күн тәртібін (әсіресе ұйықтау уақытын) сақтауды және гаджеттерді (телефон, теледидар) шектеуді түсіндіру.

Баланың тәрбиесі мен білімі оның денсаулығына зиян келтірмей, тек қуаныш сыйлауы тиіс. Бірлескен жүйелі жұмысымыз балаларымыздың үйлесімді дамуына кепіл болады.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет!

Күн тәртібіндегі III-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша директоры А.Е. Баянова сөз алып, ата-аналарды 2024 жылдың 1 маусымынан басталатын **«Жайдарлы жаз- 2024» жазғы сауықтыру кезеңінің** жұмыс жоспарымен таныстырды. Жаз айларында оқу қызметтері тоқтатылып, жұмыс тек таза ауада шынықтыру (күн, ауа ванналары, жалаң аяқ жүру), спорттық жарыстар мен экологиялық экскурсиялар бағытында өтетінін түсіндірді.

Директор қауіпсіздік мәселесін бірінші орынға қойып, ата-аналарға баланың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша ережелерді қатаң сақтауды тапсырды.

Сөз соңында балабақша психологы Г. Жәмішова сөз алып, жазғы демалысты бала үшін қалай тиімді әрі психологиялық тұрғыдан жайлы өткізуге болатыны туралы кеңес берді.

Психологтың ата-аналарға арналған кеңестер топтамасы:

- **Күн тәртібін сақтау:** Жазғы демалыста баланың ұйқы режимін (уақытылы жату және түскі ұйқы) бұзбау керек. Бұл бала жүйке жүйесінің шаршауынан қорғайды.
- **Гаджеттерді шектеу:** Телефон, планшет қарау уақытын күніне 20-30 минуттан асырмау. Оның орнына табиғат аясында серуендеу, бірлесіп кітап оқу, сурет салу, ертегілер айту ұсынылады.
- **Эмоционалды байланыс:** Жаз — баламен етене жақындасудың таптырмас кезеңі. Баланың сұрақтарына шыдамдылықпен жауап беріп, онымен көбірек сөйлесу қажет.

ЖИНАЛЫСТЫҢ ШЕШІМІ:

1. Балабақшаның 2023–2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысы бойынша есебі қанағаттанарлық деп танылсын. Әдіскер А. Жақсылықованың жазғы кезеңде білімді бекіту бойынша ұсыныстары негізге алынсын.
2. Медбикенің есебі бекітілсін. Ата-аналар жаз айларында балалардың жеке гигиенасын, су ішу режимін үйде қатаң қадағалауға міндеттелсін.
3. «Жайдарлы жаз-2024» жазғы сауықтыру жоспары мақұлдансын. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында:
 - Балабақшаға баланы тек бас киіммен (панама, кепка) жіберу;
 - Демалыс күндері су айдындарының жанында, көшеде балаларды үлкендердің қарауынсыз қалдырмау;
 - Психолог Г. Жәмішованың гаджеттерді шектеу және күн тәртібін сақтау туралы кеңестері отбасында қолданысқа енгізілсін.
4. Ата-аналармен бірлескен жұмыстар күшейтілсін.



Төрайым:

Хатшы:

А.Е.Баянова

А.Жаксылыкова

АТА-АНАМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР



Қайырымдылық ккциясы.



« Өнеге отбасынан»



Әжелер сайысы



Аналар сайысы



ЖАСЫЛ БАЛАБАҚША



Ата-анамен бірлескен сенбілік



«Балаларға базарлық –ертегі кітап акциясы»



Бекітемін
«Күншуак» жекеменшік
бөбекжайбақшасының директоры
А.Е.Баянова

Жалпы ата-аналар жиналыс кестесі мен іс- шаралар жоспары:
2024-2025 оқу жылы

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1. Жалпы ата – аналар жиналысы. Тақырыбы: «Тәрбие негізі – ұлттық құндылықта!» Жаңадан келген ата-аналарға қызметкерлерді таныстырып жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттерімен таныстыру. 2. 2024-2025 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.	Қыркүйек	Меңгеруші ата – аналар комитеті Психолог
2	1.Ата аналардың балабақша жұмысына қатысу шараларынның есебі 2. Балалардың тәрбие мен білім алу бойынша жарты жылдық жұмыстың есебі, қорытындысы.	қаңтар	ата – аналар комитеті Меңгеруші
3	1. «Сұраңыз жауап береміз» Балабақшаның ағымдағы оқу жылында оқу тәрбие жұмысыстарына есеп беру. 2.Балалар ауруларын алдын ала ескерту жөнінде медбикенің есебі. 3.Жазғы сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру.	мамыр	Меңгеруші. Мед бике әдіскер

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-балабақшасы
Жалпы ата-аналар жиналысы
Хаттама № 1

Таушық ауылы
Қ.Жұбайұлы №33

Барлығы – 95
Қатысқаны – 91
Қатысуға тиісті – 4
30 қыркүйек 2024

Күн тәртібінде

1. Жалпы 2024-2025 оқу жылының мақсат міндеттерін таныстыру.
Бөбекжайдың педагог қызметкерлерімен таныстыру.
2. Тәрбие негізі ұлттық құндылықта баяндама.
3. 2024-2025 оқу жылына жаңа ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.
4. Тренинг, ойын жаттығулар ұйымдастырып өткізу.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі І-мәселе бойынша бөбекжай директоры А. Е. Баянова сөйледі.

«Құрметті ата-аналар жаңа оқу жылына орай, бөбекжайда жоспарлы ұйымдастырылып отырған жалпы ата-аналар жиналысына қош келдіңіздер. Жалпы ата-аналар жиналысы жылдық жоспар бойынша екі рет өтеді. Биылғы оқу жылының жоспарына үш рет ұйымдастырылып өткізілу қойылды. Жылына 2-3 рет болатын жиналысқа ата-аналарды ұйымшылдықпен қатысуға шақырамыз. Бөбекжай мен отбасы арасындағы байланысты нығайту сіз бен біздің міндетіміз.

2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттеріне тоқталып таныстырып өтейін.

Мақсаттары:

- физикалық қасиеттерді дамыту, денсаулық сақтауда ұлттық спорттық ойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту.
- коммуникативтік дағдыларды дамыту, балалардың қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту.
- танымдылық және зияткерлік дағдыларды дамыту, баланың қоршаған өзара іс-қимыл жасаудағы қажетті танымдық іс-әрекеттерді ұлттық, зияткерлік ойындар арқылы математикалық және логикалық ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгеру.
- шығармашылық зерттеу дағдыларын дамыту, қоршаған ортаны бейнелі қабылдауды, қиялдауды, ойлауды дамыту, шығармашылық қабілеттерді, эстетикалық талғамды ұлттық бағытта қалыптастыру.
- әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды дамыту, балаларды мәдени әлеуметтік нормаларға отбасы мен қоғам дәстүрлеріне баулу.

Міндеттері:

- таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру.
- отандық дамытушы құралдармен ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.
- барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру, санау салыстыра ойлау қабілеттерін интеллектуал және робототехника, бестемше ойындары арқылы дамыту, балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту.
- эстетикалық талғамын шыңдау.
- қоғамда өзін-өзі білудің адамгершілік және мінез-құлық шараларын меңгертіп, ұлттық мәдениет жайлы түсініктерін кеңейту.

Осы жылдық міндеттемелер бойынша сіз бен біз болып бала тәрбиесімен айналысуды жан-жақты жұмыс жүргізуіміз керек.

Күн тәртібіндегі II-мәселе бойынша тәрбиеші Әміреева А.Н.

«Тәрбие негізі ұлттық құндылықта» тақырыбында баяндама жасап оқыды. Баяндама барысында ұлттық тәрбие бағытына жан-жақты түсінік берілді.

Күн тәртібіндегі III-мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылына ата-аналар комитеті сайланды.

Ата-аналар комитеті Мұратова Мөлдір, Қайырхожаева Шырынгүл, Белгібаева Әсел, төрайымы Диханбекова Мадина.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша барлық топ тәрбиешілері жеке-жеке тренинг ойын жаттығулар ұйымдастырып өткізді. Ата-аналар қызығушылық танытып ұйымшылдықпен қатысты. Жалпы жиналыс өзгеше өткізілді.

ШЕШІМ:

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегі шешім қабылданды.

1. Жаңа 2024-2025 оқу жылының мақсат, міндеттері бойынша жұмыс жүргізілсін.
2. 2024-2025 оқу жылына ата-ана комитеті төрайымы болып Диханбекова Мадина тағайындалсын.



Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

А.Е.Баянова

Г.Жамишова

Баяндама:

«Тәрбие негізі Ұлттық құндылықтарда»



Тәрбиеші: Әміреева Алтын

Таушық 2024

Тәрбиенің негізі отбасында қалыптасады дегенмен мұнан кейін балабақшаның да ролі зор. Ұлттық тәрбиеден салт –дәстүр ауыз әдебиетінен нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де аталар аманатына адал боларына кәміл сенеміз. Ұлттық салт-дәстүрді мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі.

Бала көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ т.б ойындарымыз арқылы қазақи қайнардан тәлім алса ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі. Балабақшадағы сәбилерге жоғары деңгейдегі ұлттық сана сезімді, рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылықтарды, отансүйгіштік, ұлттық намыс сезімдерін қалыптастырады. Балабақшадағы ұлттық тәрбие берудің мақсаты: Ұлтжандыққа отансүйгіштікке, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің міндеті ата бабамыз қолданған үрдіс пен бүгінгі жаймен саралап, халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді қилыстыру.

Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт –дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге –құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу. Қайырымдылықты–халықтан, пайымдылықты- қариядан үйрен деген ұлтымыздың тал бесіктен жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттермен әдет ғұрыпты оқу қызметін ұйымдастыруда үйреніп, алдағы өмірлерінде арқау болатынын ұғындыру. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. Серғазы Қалиев этнопедагог, профессор: – Ұлттық тәрбиені балабақшадан бастауымыз керек. «Не ексең, соның орасың» демекші, балаларымызды қандай жолға бастасак, олардың сол бағытты алатыны белгілі. Ал біздің ата-бабаларымыздан қалған асыл мұрамыз – тәрбиеміз қазақтан басқа ешкімде жоқ үлгі.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет: – белсенді қарым-қатынас: баламен тәрбиешінің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы; – индивидтік: тәрбиешінің әр жеке баланың ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы; – өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту; – шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені беруде, ұйымдастырылған оқу қызметінің мәні неде? 1.Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі— адамның қалыптасуы, тұлғаның өз мәдениетінің субъектісі болуына көмектесу, шығармашылық өмірге үйрету. 2.Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі сырттан келетін тәрбиелеу емес, адам бойынан адамдықты табу,оны қолдау және дамыту негізінде өзін-өзі реттеуге, тәрбиелеуге әкеледі. Сол арқылы өзіндік болмысы, санасы бар тұлғалық бейне қалыптасады. 3.Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі— адамның дене және рухани денсаулығы, адамгершілігі, бостандығы. Ол – тұлғаны түсіну,өзара түсіністік, ынтымақтастық қарым-қатынастың, салауатты өмір мен парасаттылықтың, өзіндік қатынастың негізін қалау. 4.Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады.Сондықтан оның мазмұны баланың өзін тұлға ретінде дамыту үшін, өз өмірінің субъектісі болу үшін жағдай туғызуға негізделеді..

Қай заманда болсын, ұлттық өрлеудің халықтық қалыптасудың ең негізгі шарты –білім. Ұлттық тәрбиенің өрісі мен өресі –бүгін де, ертең де, халық үшін көкейтесті мәселе .Ұлттық мәдениет болмаса ұлт сақталмайды. Ал балабақша ұлттың да, ұлттық мәдениеттің де, өмір сүруімен дамуының алғашқы баспалдағы болып саналады.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады. Сондықтан да қазіргі кезде халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт дәстүрі мен әдет ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап балабақшадағы тәрбие жұмысын кешенді ұйымдастыру жағына көңіл бөлуіміз қажет. Адам баласы дүниеге келген күннен бастап үнемі салт-дәстүр аясында өседі . Бала тәрбиесінде халықтық, тұрмыстық салт-дәстүрдің туу себептерін, даму ерекшеліктерін ашып көрсетудің тәрбиелік мәні зор. Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың жас ерекшеліктенріне сай ата –баба дәстүрі мен халықтық педагогиканы басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ғылыми негізде ұйымдастырып, ұтымды жүргізе білуіміз қажет.

Біз үшін еліміздің өркендеуі, ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтау – қымбат қазына. Әрине, халқымыздың ұлттық құндылықтары өте көп. Оларды іріктеп, бес бағытта қарау заман талабы секілді.

Бірінші құндылық – тәуелсіздік және тарихи таным деп атаған жөн. Тәуелсіздіктің арқасында, қазақ елін, Қазақстан халқын әлем таныды және мойындады. Тәуелсіздік символы – мемлекеттік Туымыз, Әнұранымыз, Елтаңбамыз. Ту – ұлттың бірігуіне ықпал етеді. Ұлттық сананың биіктігін көрсетеді. Тәуелсіздік – еркіндік пен азаттықты ғана алып келмей, сонымен

қатар, ұлтымыздың санасын өзгертті, сапасын жақсартты, өзін танытты. Тарихи танымның ар жағында тек өткен жылдар мен көнерген ғасырлар сыры тұрған жоқ. Ұлттың болмысы, санасы, дәстүрі мен салты, кәсібі, ұстанымы, тәрбиесі бірде әлсіреп, бірде жетіліп ғасырлармен бірге жасасып келеді. Тарих – тәрбиеші, ұлттың бағдары, жол сілтеушісі. Тарихы бекем жасалған халық дұрыс бағыт алады. Бірегей көп томдық мемлекеттік тарихымызды өзіміз жазбай ұлттық құндылықтарымызды орнықтыра алмаймыз.

Екінші құндылық – ел мен жер деп білемін. Қазақта: «Егесіз ел азар, иесіз жер тозар» деген мақал бар. Ұлан ғайыр даланы бабаларымыз көзінің қарашығындай сақтады. Қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен қорғады. Қазақтың жері – қасиетті. Ол бүгінгі жаһандық тайталас кезіндегі ұлттық бірігейліктің символы болып қала береді.

Үшінші құндылық – тіл, әдебиет және руханият. Тіл мен әдебиет – ұлттың жаны мен жады, оның бет-бейнесі, өткені, бүгіні мен болашағы. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», -деп тілдің ұлт үшін қандай маңызы бар екенін бір ғана ауыз сөзге сыйдырған еді. Тілді қорғау – ұлтты қорғау. Ана тілі – ұлт жүрегі, ұлт тілегі. Тілдің болашағы – ұлттың болашағы! Тілде халықтың бүкіл болмысы, рухы, ішкі жан-дүниесі көрініс табады деп жатады. Қазақтың тілінен қазақ халқының қаншалықты кемеңгер халық екендігін аңғаруға болады. «Дауға салса алмастай қаған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған әрі байырғы, әрі мәңгі жас отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?! «Туғанда дүние есігін ашады өлең. Өлеңмен жер қойнына кірер денең», -дегендей, Қазақтың ұлттық болмысын ұлы кемеңгеріміз Абай Құнанбайұлы секілді бір ауыз сөзбен шеберлікпен ешкім суреттеп бере алмас.

Имандылық бар жерде – тәртіп те, бейбітшілік те, адами құндылықтар да сақталады. Сонда ғана ұлттық құндылығымызды жаңғырта аламыз, дамыта аламыз. Ұлы Абай бабамыз өзінің 38-қара сөзінде «Толық адам» концепциясын ұсынған. Алла жолымен жүрген, білімді адам ғана толық адам деп есептеледі деген. Бұл – дүниенің тіршілігін ұмытып, сәждеге бас қою ғана емес. Бұл – білім, ғылымды дамытып, елге адал қызмет ету, әділдіктің ақ жолынан таймау, кісі ақысын жемеу деген сөз.

Төртінші құндылық – ұлттық дәстүр және отбасы. Ұлттық болмыс, оны дәріптеу отбасынан, ошақ қасынан басталады. Отбасы – тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін ардақтауға, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиеленсек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде сол құндылықтарды дәріптейміз. Расында, ұлттық дәстүр және отбасылық тәрбие – патриотизмнің бастауы екенін ұмытпайық. Баланы бесіктен тәрбиелеу – ұлттық ұғым кепілі.

Бесінші құндылық – білім мен біліктілік. Білімді ел – озады, ғылымсыз ел – тозады. Елімізде білім мен ғылым саласына үлкен қамқорлық

жасалды. Өйткені, кез келген қоғам — адами капитал арқылы дамиды. Ұлттық құндылықты қалыптастыратын да, дамытатын да білімді, білікті кәсіби мамандар. Әл-Фараби бабамыз: «Дүниеде тәрбиесіз берілген білімнен қауіпті нәрсе жоқ» деген екен. Сондықтан да білім мен тәрбиені бір процестің екі жағы деп қарау қажет.

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-балабақшасы
Жалпы ата-аналар жиналысы
Хаттама № 2

Таушық ауылы
Қ.Жұбайұлы №33

Барлығы – 95
Қатысқаны – 82
Қатысуға тиісті – 13
22 қаңтар 2025

Күн тәртібінде

1. Ата – аналардың балабақша жұмысына қатысу шараларының есебі.
2. Балалардың тәрбие мен білім алу бойынша жарты жылдық есебі.

Тыңдалды

Баянова –директор.

Қайырлы күн құрметті ата-аналар. Жалпы ата-аналар жиналысына қош келдіңіздер. Бөбекжайда жоспарлы жалпы ата-ана жиналысы 3 рет өткізіледі. №1 жиналыс қыркүйек айында ұйымдастырылып өткізілді. Өткен ата-ана жиналысының шешіміне тоқталып өтейін. Жаңа 2024-2025 оқу жылының мақсат міндеттері бойынша жұмыстар жүргізіліп отыр. 2024-2025 оқу жылына ата-ана комитетінің төрайымы Диханбекова Мадина тағайындалып, бөбекжаймен бірлесе отырып жұмыстар жасалды.

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай тәрбиешісі Ходжа-Ахметова Камшат Еділқызы сөйледі. Бөбекжайдың жоспарлы өткізілген іс-шараларына топ ата-аналары белсенділік танытып қатысып отырды. Әр бір шараға балаларға киім, костюмдер дайындап, тәрбиешілермен бірлесе отырып, өлең, би, ертегі дайындап отырды. Күз мерекесіне өте жақсы атсалысты. Ашық есік күндеріне қатысып, үнемі байланыста отырды. Табиғат бұрыштарын көркемдеуге гүлдерді отырғызып көмектесті.

СӨЙЛЕУ:

Ата-ана: Сүлейменова Рыстай

Бөбекжайда шаралар жоспарлы ұйымдастырылады. Тәрбиешілер жаңашылдықпен әр бір шараны қызықты өткізе біледі.

Диханбекова Мадина ата-аналар комитеті төрайымы.

Ата-аналардың бөбекжайдағы шараларға қатысу белсенділігі жақсы. Жалпы ашық есік күндері жоспарлы ұйымдастырылып отырса, балалардың шығармашылығын дамыту мақсатында шеберлік сабақтар көп өткізілсе.

Күн тәртібіндегі ІІ-мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А. Жақсылықова сөйледі.

Бөбекжайдың тәрбиеленушілерінің тәрбие мен білім алу бойынша жарты жылдық есебін толық түсіндіріп айтып берді. Мониторингке тоқталып айтып өтті. Баланың жеке даму картасы туралы айтты. Бөбекжайда бала тәрбиесі, таным білімі, жүйелі, жоспарлы жолға қойылған. Алдағы уақытта одан әрі жұмыстану керек екенін айтып ұсыныс берді.

Шешім

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегі шешім қабылданды.

1. Ата-аналардың оқу-тәрбие үрдісіне, қоғамдық жұмыстарға қатысуы оң нәтиже беріп отырғаны ескерілсін.
